

ЕРЕСЕК ТОП БАЛАЛАРЫНЫҢ ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТ АРҚЫЛЫ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Исаметова А.Т.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Қазіргі білім беру кеңістігінде мектепке дейінгі балалардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамыту – басты міндеттердің бірі болып саналады. Коммуникативтік дағды баланың айналасындағылармен еркін қарым-қатынас жасауына, әлеуметтік бейімделуіне, танымдық белсенділігінің артуына тікелей ықпал етеді. Мектепке дейінгі ересек топ балалары өз ойын толық жеткізуге, диалог жүргізуге, сұрақ қойып, жауап беруге, серіктесінің пікірін ескеруге талпынады. Осы кезеңде берілетін тілдік білім мен тәжірибе кейінгі оқу-тәрбиелік үдерістің іргетасы ретінде маңызды рөл атқарады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2022 ж.) мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің мазмұнын баланың жан-жақты дамуына бағыттап, тәрбиелеу мен оқытудың нәтижелеріне қол жеткізуге басымдық береді. Стандарттың талаптары мен көзқарастары балалардың тілдік құзыреттілігін, сөйлеу белсенділігін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту қажеттілігін нақты көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын театрландырылған іс-әрекет арқылы дамыту – стандарт қағидаларымен толық үндес [1].

2024 жылы жарық көрген «Баланың тілін дамытуда кешенді тәсілдерді қолдану жолдары» атты әдістемелік құралда кешенді тіл дамыту технологиялары мен театрландырылған іс-әрекетті қолданудың нақты әдістемелік нұсқаулары берілген. Аталған құрал тәрбиеші-педагогтер үшін практикалық тұрғыдан маңызы зор ресурс ретінде танылып отыр [2].

Аталған құжаттарда коммуникативтік даму бағыттарының бірі ретінде балалардың сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру, диалог пен монолог құрылымын меңгерту, өз ойын анық әрі еркін жеткізуге мүмкіндік жасау міндеттері қойылады. Бұл талаптар театрландырылған іс-әрекетті оқу-тәрбие үдерісінде мақсатты қолдануға негіз бола алады. Себебі рөлдік және көркем қойылымдар барысында бала рөлге ене отырып, сөйлейді, тыңдайды, сұрақ қояды, диалог құрады және өзін түрлі жағдаяттарда көрсете біледі. Мұндай әрекет баланың тілдік белсенділігін арттырумен қатар, оның эмоциялық және әлеуметтік бейімделуіне де оң әсер етеді.

Зерттеу тақырыбы аясында жүргізілген экспериментке Алматы қаласындағы мектепке дейінгі ұйымның ересек тобында тәрбиеленіп жатқан 53 бала қатысты. Зерттеудің мақсаты – арнайы ұйымдастырылған театрлық-ойын әрекеттерінің балалардың коммуникативтік дағдыларына ықпалын анықтау.

Зерттеу аралас әдіснамаға негізделді: теориялық және практикалық деңгейдегі әдістер қатар қолданылды. Теориялық кезеңде тіл дамыту мен ойын әрекетінің байланысына қатысты әдебиеттерге шолу жасалып, балалардың сөйлеу қабілетін жетілдірудегі заманауи тәсілдер жүйеленді.

Эмпирикалық зерттеу барысында мына әдістер қолданылды:

Педагогикалық бақылау - Диагностикалық әдістемелер: Г.А.Цукерманның «Рукавички» әдісі, М.И.Лисинаның формалық диагностикасы, А.М.Щетинина мен М.А.Никифорованың «Коммуникативтік сапалар» әдістемесі.

Салыстырмалы талдау – эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстыру

Сандық өңдеу – нәтижелер пайыздық көрсеткіштермен сипатталып, диаграмма түрінде ұсынылды

Эксперименттік жұмыстарда М.Юи (2023), Мамедова (2023), және Салимбаха (2022) ұсынған әдістемелер үлгі ретінде алынды [7], [8], [9].

Зерттеу тақырыбымен тығыз байланысты маңызды ұғымдардың бірі – коммуникация. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде коммуникация ұғымына бірнеше анықтамалар берілген болатын. Ал, біздің зерттеуімізде коммуникация ұғымы мектепке дейінгі ересек топ балалардың өзара қарым-қатынасын білдіретін ұғым ретінде қарастырылады.

Коммуникация – адамдар арасындағы өзара ақпарат алмасу үдерісі, әлеуметтік қарым-қатынасты орнату мен қолдау тетігі. Коммуникация ұғымы адамзаттың танымдық, еңбек және әлеуметтік тәжірибесінде пікір алмасу, ой бөлісу, серіктестік орнату секілді әрекеттерді жүзеге асыру құралы

ретінде қарастырылады. Латын тіліндегі «communicatio» сөзі «байланыс», «қатынас» дегенді білдіреді және ол өзара әрекеттестіктің ерекше формасы ретінде сипатталады.

Аталған терминді ғылыми айналымға ХХ ғасырдың басында енгізген алғашқы зерттеушілердің бірі - неміс саясаттанушысы Ф.Ратцель. Оның пайымдауынша, саяси коммуникация - ақпаратты жеткізу арқылы ықпал етудің негізгі тетігі. Кең мағынада алғанда, *коммуникация* дегеніміз – адамның өз ойын, сезімін, көзқарасын сөз, қимыл, бейне немесе басқа да таңбалық құралдар арқылы басқа адамға жеткізу үрдісі. Яғни, ақпарат алмасу тек тіл арқылы емес, вербалды емес амалдар арқылы да жүзеге асады.

Сонымен қатар, Н.Н. Князева (2018) *коммуникацияны* «мінез-құлықтық әрекетке тән ерекшеліктері бар тірі табиғаттың бірнеше өкілі арасындағы өзара әрекеттесу» деп түсіндіреді. Осы мағынада коммуникация – субъектілер арасындағы өзара әрекеттестік [3].

Ал О.В.Трофимов (2019) *коммуникацияны* «адам-адам жүйесінде өмірдің әртүрлі салаларында жүзеге асатын, вербалды және вербалды емес құралдар арқылы жүретін ерекше формадағы өзара әрекеттесу» деп сипаттайды [4].

Коммуникация ұғымы қазіргі кезде тек саясатта ғана емес, білім беру, психология, педагогика, мәдениеттану салаларында да кеңінен қолданылады. Оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде балалардың тілдік қатынасын, сөйлеу қабілетін қалыптастыруда маңызды орын алады. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың сөйлеуін дамыту үшін көркем әдебиет – тиімді құралдың бірі. Себебі оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне көркем мәтінді тыңдату мен сахналық ойындардың рөлдерін сомдату, баланың коммуникативтік дағдыларын арттырудың тиімді жолы болып саналады.

Зерттеу тақырыбымыз бойынша көптеген зерттеулер мен тәжірибелік жұмыстар театрландырылған іс-әрекеттің тиімді құрал екенін айғақтайды. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту мәселесіндегі театрландырылған ойын іс-әрекеті бала тілін дамытудың қуатты құралы екенін зерделеген ғалымдардың еңбектерін атап айтуымызға болады:

Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуда әлеуметтік және тілдік контексті ескере отырып жүргізілген зерттеулер маңызды орын алады. М. Шатц пен Р. Гельман [5] өз еңбектерінде балалардың сөйлеу мәнері тыңдаушының ерекшелігіне қарай бейімделіп өзгеретінін көрсеткен. Авторлар 4 жастағы балалардың сөйлеуі ересек пен құрдас тыңдаушыға әртүрлі құрылымда қалыптасатынын анықтаған. Авторлардың зерттеуі сөйлеу әрекетінің тек грамматикалық емес, әлеуметтік-когнитивтік құбылыс екенін дәлелдейді.

Сонымен қатар, балалардың сөйлеуін дамытудағы театрландырылған әрекеттің тиімділігіне қатысты бірқатар еңбектер бар. И. Бачинська мен С. Кость [6] театрлық ойындардың байланыстырып сөйлеуді, сөздік қорды, грамматикалық құрылымдарды жетілдіретінін, сондай-ақ баланың эмоциялық және ұжымдық әрекетке бейімділігін арттыратынын дәлелдеді. Сол сияқты М.Юи және әріптестері [7] драма-тақырыптық сабақтардың эксперимент арқылы балалардың сөйлеу қабілетіне оң әсерін тигізетінін анықтаған. Зерттеу нәтижесінде балалардың сөйлем құрау, сөздік қорды қолдану, экспрессивті сөйлеу дағдылары едәуір артқан. Мұндай нәтижелер театрландырылған әдістің әмбебаптығын, барлық балалар үшін тиімді екенін көрсетеді.

Ойын арқылы сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған зерттеулер де осы бағытпен үндес келеді. Л.В.Мамедова [8] «Қарым-қатынасқа бейім балалар» бағдарламасы арқылы арнайы ұйымдастырылған ойын әрекеті балалардың еркін қарым-қатынас жасауына, ойын жеткізе білуіне, сөйлеу икемінің жоғарылауына ықпал еткенін көрсетеді. С.Бакытгүл [9] сюжеттік, қимыл-қозғалыс және драмалық ойындарды баланың сөйлеу белсенділігін арттыруда тиімді педагогикалық құрал ретінде сипаттайды. Ол «ойындар арқылы бала диалог жүргізуді, пікір білдіруді, сөздік қорды байытуды үйренеді» дейді. Д.Т.Каримова мен Ж.К.Даниярова [10] да бірлескен ойын әрекеті арқылы балалардың сөйлеу тілі мен ойлау үдерістерінің өзара байланысын зерттеп, лексикалық және грамматикалық бірліктерді меңгертудің тиімді жолдарын ұсынады.

Коммуникативтік дағдылардың құрылымдық аспектілеріне арналған зерттеулер ішінде З. Амет-Уста мен Н.Н.Сапон [11] еңбегі ерекшеленеді. Олар коммуникативтік, интерактивтік және перцептивтік компоненттерді бөлін көрсетін, балада серіктестік қарым-қатынасты, эмоциялық тануды дамыту механизмдерін нақтылайды.

Қорыта келе, әдеби шолудан байқалғандай, сөйлеу мен коммуникативтік дағдыларды дамытуда театрландырылған және рөлдік ойын әрекеттері – тиімді, әрі ғылыми негізделген әдістердің бірі екенін байқауымызға болады. Аталған тәсілдер балалардың тілдік, әлеуметтік және эмоциялық дамуына кешенді әсер етеді.

Жалпы алғанда, театрландырылған іс-әрекетті жүйелі түрде оқыту мен тәрбие үдерісіне қолдану

– балалардың тілдік құзыреттілігін арттырудың тиімді, ғылыми негізделген және тәжірибе жүзінде дәлелденген жолы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. (2022). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (№ 348 бұйрық, 2022 жылғы 3 тамыз). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200024587>
2. Зерттеу тобы. (2024). Баланың тілін дамытуда кешенді тәсілдерді қолдану жолдары: Әдіскерлер мен педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар. Астана: Балаларды ерте дамыту институты. <https://irrd.kz/>
3. Князева Н.Н. (2018). Речевое и социально-коммуникативное развитие старших дошкольников в игре в рамках реализации ФГОС. Вестник Омского государственного педагогического университета. Серия: Гуманитарные исследования, (3)20, 139–143.
4. Трофимова О.В. (2019). Формирование коммуникативных навыков у детей старшего дошкольного возраста. Вопросы науки и образования, (3)47, 207–226.
5. Schatz M., Gelman, R. (1973). Communicative competence: Changes in children's speech with age and listener. Child Development, 44(3), 1068–1075. <https://doi.org/10.2307/1165783>
6. Bachynska I., Kost, S. (2023). Teatral'no-ihrova diial'nist' iak zasib rozvytku kultury movlennia ditei starshoho doshkil'noho viku. Visnyk Lvivskoho Universytetu. Seriya Pedahohichna, 38, 29–38. <https://doi.org/10.30970/vpe.2023.38.11851>
7. Yu, M., Abd Rahman, F., & Li, J. (2023). The effect of children's drama-themed activities on the development of speaking skills in 4–5-year-old children. International Journal of Social Science and Business Management, 2(1), 64–70.
8. Mamedova L. V. (2023). Issledovanie razvitiia kommunikativnykh navykov u detei starshego doshkol'nogo vozrasta. Upravlenie obrazovaniem: teoriia i praktika, 13(7), 147–153. <https://doi.org/10.25726/b6403-4192-0881-n>
9. Салимбаха Б. (2022). Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуда ойын іс-әрекетінің маңызы. Ғылымдағы шексіз жарық (Endless Light in Science), 74–78 б.
10. Каримова Д.Т., Даниярова Ж.Қ. (2016). Балабақшадағы мектепке дейінгі 5–6 жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру. Инновациялық Еуразия университетінің хабаршысы, (3), 73–76.
11. Amet-Usta Z.R., Sapon N.N. (2022). Features of development of communication skills of children of preschool age. Crimean Engineering and Pedagogical University.

ӘОЖ 372.4:37.01

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Карабекова А.Ж., Турсынбеков Д.Д.

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

Қазіргі заманның өрескел және өзекті талаптарының бірі – білім беру жүйесінің жан-жақты дамып, алдыңғы қатарлы озық мамандарын даярлау болып отыр. Сондай-ақ, білім беру жүйесі күн санап тіпті сағат сайын шексіз мүмкіндіктердің арқасында ұдайы дамып келеді. Біз дәстүрлі оқу форматында да онлайн платформалар мен түрлі гаджеттерді атап айтқанда, электрондық пошта, интерактивті тақта, ноутбук, ұялы телефон сынды жүйелерді тұрақты түрде қолданған сайын өзіміздің күннен-күнге заман ағымына сай төселін келе жатқанымызды байқаймыз.

Қазіргі таңда білім беру қызметінің сапасын арттыру және әрбір оқушының деңгейін тұрақты түрде және үздіксіз дамыту арқылы біз қоғамда әрдайым ойып тұрып орын алуға мол мүмкіндіктер ашамыз. Білім беру жүйесінде ең озық сапаны қалыптастыру үшін түрлі түзету жұмыстары да түрлі сыртқы және ішкі факторлардың көмегімен жүзеге асуда. Атап айтсақ, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, нақтылау сондай-ақ жүзеге асу және бағалау сынды нәтижелердің көмегімен ұдайы түрде дамып отыруда.